# ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

**Алматы қаласы** **30-наурыз 2021 ж.**

**Ғылыми Кеңестің төрағасы,**
Буянский С.Г. – з.ғ.к., профессор
**Ғылыми Кеңестің ғалым-хатшысы,**
Сәлімбаева Р.А. – э.ғ.к., доцент
**Қатысқандар**: Ғылыми Кеңестің 27 мүшесінің 23-і
(келу парағы қоса берілген).

## КҮН ТӘРТІБІ

1. Мектептердің 2020/2021 оқу жылының күзгі семестріндегі жұмысының қорытындылары және дамуының басым бағыттары туралы (Есеп және шешім. Баяндамашылар: Мектептер декандары).

2. Университет түлектерінің жұмысын ұйымдастыру туралы. Түлектердің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізудің нәтижелері (Есеп және шешім. Баяндамашы: Мансапты дамыту және түлектермен байланыс орталығының директоры С.Б. Мукамбетова).

3. Бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша 2021 жылы оқуға қабылданатындарға арналған оқу жоспарлары мен паспорттарын бекіту туралы (Шешім. Баяндамашы: Оқу-әдістемелік басқарманың бастығы Н.В. Дальке).

4. Әр түрлі.

4.1 ҚР БжҒМ тағайындайтын қауымдастырылған профессор атағын алуға ізденуші профессор-оқытушылар құрамының кандидатурасын ұсыну туралы (баяндамашы: «Әлеуметтік ғылымдар» ҒББД-нің директоры А.М. Сейітқазиева).

4.2 Докторантураның 2020/2021 оқу жылына арналған академиялық күнтізбесіне өзгерістер енгізу туралы (баяндамашы: «Докторантура» ғылыми-білім беру департаментінің директоры С.С. Арыстанбаева).

4.3 «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы туралы Ережеге өзгерістер енгізу туралы (баяндамашы: Аккредиттеу және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Н.Ж. Шаханова).

4.4 «Қазақстанның осы заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу түрін өзгерту туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Өмірзақов).

4.5 СҒЗЖ республикалық конкурсының II кезеңі мен XIII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңіне қатысу үшін

студенттердің ғылыми жұмыстарын ұсыну туралы (баяндамашылар: «Қаржы және деректер аналитикасы» ғылыми-білім беру департаментінің директоры А.А. Адамбекова, «Есеп және деректер аналитикасы» ғылыми-білім беру департаментінің директоры А.Д. Каршалова, «Экономика және менеджмент» мектебі деканының орынбасары К.Т. Қожахметова).

4.6 Қазақ және орыс тілдерінен сабақ жүргізетін оқытушыларды «ЖББП» ҒББД-нен Лингвистикалық орталыққа ауыстыру туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Өмірзақов).

4.7 Формалды және бейформалды білім беруді оқытудың нәтижелерін мойындау тәртібі туралы Ережеге өзгерістер енгізу жайында (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Өмірзақов).

4.8 strikeplagiarism.com жүйесінің жұмыс істеу ережелерін айқындайтын плагиатты анықтау және оның алдын алу бойынша Регламентке өзгерістер енгізу туралы (баяндамашы: Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Өмірзақов).

4.9 «Нархоз Университеті» КЕАҚ Халықаралық Кейс-конкурсын ұйымдастыру және өткізу Ережесін бекіту туралы (баяндамашы: Экономика және менеджмент мектебінің деканы Гимранова Д.Д.).

## Күн тәртібінің мәселелері бойынша
## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

**1.** Мектептер декандарының «Мектептердің 2020/2021 оқу жылының күзгі семестріндегі жұмысының қорытындылары және дамуының басым бағыттары туралы» есептерін тыңдау Ғылыми Кеңестің келесі мәжілісіне қалдырылсын.

**1.1** Аккредиттеу және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің бастығы (**Н.Ж. Шаханова**):

**1.1.1** Университет жылдық есебінің құрылымы шеңберінде Мектептер есебінің құрылымын **2021 жылғы 5-сәуірге дейін** әзірлесін.

**1.1.2** Мектептердің есептері бойынша қорытындыны **2021 жылғы 23-сәуірге дейін** ұсынсын.

**1.2** Мектептер декандары **(Д.Д. Гимранова, Юан Симпсон, деканның орынбасары С.К. Өтеулиев, Г.Т. Әбдіқадырова)** ескертулер мен ұсынымдарды жою жолымен, әрі Есептің әзірленген құрылымы бойынша Мектептердің есептерін **2021 жылғы 20-сәуірге дейін** дайын етсін.

**1.3** Осы шешімнің орындалуын бақылау ісін мен өзіме қалдырамын.

**2.** Мансапты дамыту және түлектермен байланыс орталығының директоры С.Б. Мукамбетованың «Университет түлектерінің жұмысын ұйымдастыру туралы. Түлектердің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізудің нәтижелері» атты есебі бекітілсін.

**2.1** Мансапты дамыту және түлектермен байланыс орталығының директоры **С.Б. Мукамбетова оқу жылының соңына дейін**:

**2.1.1** Университет түлектерін Мектептердің Менторлар кеңесі мен Мектептердің Жұмыс берушілер кеңесіне тарту бойынша жұмысты күшейтсін;

**2.1.2** Дайындаудың барлық бағыттары бойынша қонақтық дәрістерге серіктес компаниялардың түлектері мен мамандарын тартсын;

**2.1.3** Әрбір мектепке білім беру бағдарламаларына аудит жүргізу үшін кем дегенде 5 жұмыс беруші (оның ішінде, бітірушілер қатарынан) ұсынсын;

**2.1.4** «Нархоз университеті түлектерінің қауымдастығы» ҚҰ-на кіру мәселесі бойынша 4 курс студенттерімен онлайн кездесулер ұйымдастырсын;

**2.1.5** 2021 жылы бітіретін түлектердің жұмысқа орналасуына мониторинг және талдау жүргізсін, оның нәтижелерін Университет басшылығына хабарласын.

**2.2** Осы шешімнің орындалуын қадағалау Академиялық қызмет жөніндегі проректор С.Ы. Өмірзақовқа жүктелсін.

**3.1** Бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша 2021 жылы оқуға қабылданатындарға арналған оқу жоспарлары мен паспорттары келесідей болып бекітілсін:

*«Құқық және әлеуметтік ғылымдар» мектебі*:

1. Қоршаған орта және тұрақты даму (BA);
2. Халықаралық қатынастар (BA);
3. Халықаралық қатынастар (MA);
4. Жобалық менеджмент (MA).

*«Экономика және менеджмент» мектебі*:

1. Бизнестегі тәуекел-менеджмент (BA);
2. Экономикалық қауіпсіздік (BA);
3. Ұйымның тәуекелдерін талдау және басқару (MA);
4. HR менеджмент (MA);
5. Халықаралық аудит және қызметті бағалау (MA);
6. Туризм және тұрақты даму (MA).

*Сандық технологиялар мектебі*:

1. Сандық инжиниринг (BA);
2. Сандық медиа және дизайн (BA);
3. Интеллектуалды қосымшаларды әзірлеу (MA);
4. Басқарудағы Data-инжиниринг (MA).

*Бизнес Жоғары мектебі*:

1. Бизнес-аналитика (MBA);
2. Аналитик тәуекелі (MBA).
3. Product management (MBA).
4. Комплаенс – ұйымдардағы бақылау (MBA).

*PhD докторантура бағдарламалары*:

1. Мемлекеттік басқару;
2. Есеп, аудит және салық салу;
3. Бизнес әкімшілік;
4. International DBA.

5. Бизнес-құқық

**3.2** Білім беру бағдарламаларына, оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларының паспорттарына қосылған жаңартуларды бекіту, сонымен бір мезгілде жекелеген білім беру бағдарламаларының Ұлттық реестріне жаңа жаңартуларды енгізу мүмкіндігін қарастыру, себебі ол жекелеген жаңартулар кәдімгідей маңызды, олар келесілер:

*Жоғары білім беру бағдарламалары (бакалавриат):*

- Қаржы (BA);
- Есеп және аудит (BA);
- Экономика (BA);
- Менеджмент (BA);
- Маркетинг (BA);
- HR және бизнес жоспарлау (BA);
- Туризм, атауын *Туризм және қонақжайлық* деп өзгерту жолымен (BA);
- Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі атауын *Мейрамханалық және отелдік бизнес* деп өзгерту жолымен (BA);
- Мемлекеттік басқару (BA).

*ЖОО-дан кейінгі білім беру бағдарламалары*:

- Қаржылық тәуекел-менеджмент (MBA);
- Менеджмент (PhD);
- Маркетинг (PhD);
- Қаржы (PhD);
- Экономика (PhD);
- Мемлекеттік және жергілікті басқару (PhD);
- Есеп және аудит (PhD);
- Іскерлік әкімшілік (DBA).

**3.3** Бакалавриат, магистратура және докторантураға 2021 жылға білім алушыларды қабылдау үшін 2019 және 2020 жылдары Ұлттық реестріне енгізілген қолданыстағы білім беру бағдарламаларының оқу жоспарлары бекітілсін.

**4. Әр түрлі.**

**4.1** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне экономика ғылымдарының кандидаты Қалияш Қуанышқызы Прімжароваға қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын беруге ұсыну туралы өтініш берілсін.

**4.2** Докторантураның 2020/2021 оқу жылына арналған академиялық күнтізбесіне келесідей өзгерістер енгізілсін: 3 курс докторанттарының өз ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау мерзімі 23-сәуірге дейін ұзартылсын (18.01.2021-23.04.2021) және докторанттарды жеке жұмыс жоспарын орындау бойынша академиялық аттестаттаудан өткізу 2021 жылғы 26-30 сәуір аралығына ауыстырылсын.

**4.3** «Нархоз университеті» КЕАҚ-ның Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы туралы Ережесіне өзгерістер енгізілсін.

**4.4** 2020/2021 оқу жылының көктемгі семестрінде «Қазақстанның осы заманғы тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу формасы 1 курс студенттері (3 және 4 жылдық) үшін жазбаша формадан АБ-1 және А-2 нәтижелері бойынша білімді жиынтық бағалауға өзгертілсін.

**4.5** «Есеп және аудит» мамандығының 3-курс студенттері А. Аримбеков, М. Абдукодирова мен Д. Сахпантаевтың «Особенности учета и отчетности в субъектах малого предпринимательства, применяющих специальный налоговый режим в современных условиях» тақырыбы бойынша жобасы («Нархоз университеті» КЕАҚ-ның «Есеп және аудит» мамандығы бойынша СҒЗЖ конкурсында 1-орын) СҒЗЖ республикалық конкурсының II кезеңіне қатысуға ұсынылсын. Ғылыми жетекші: аға оқытушы Д.А. Шілмағанбетова.

– «Есеп және аудит» мамандығы 4-курс студенттерінің құрамында Мирас Қайділда, Жансая Қалмырза, Дариға Әпсеметова бар командасының «Пандемия жағдайында компаниялардың қаржы-шаруашылық жағдайын талдаудың маңызы» тақырыбындағы жобасы «6В04119 – Есеп және аудит» мамандығы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті базасында өтетін XIII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңіне қатысу үшін ұсынылсын. Ғылыми жетекші: э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г.Т. Андыбаева.

– «Экономика» мамандығы 3-курс студенттерінің құрамында Әйгерім Өмірбекқызы Ширкей, Мөлдір Жеңісқалиқызы Сүлейменова мен Гүлназ Мұратқызы Тлешова бар командасының «Пандемия жағдайында шағын бизнестің ұлттық экономикадағы рөлі» тақырыбындағы жобасы «5В050600 – Экономика» мамандығы және «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ базасында өтетін XIII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың II кезеңіне қатысу үшін ұсынылсын. Ғылыми жетекшілері: э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Р.К. Елшібаев, э.ғ.м., аға оқытушы А.Ж. Бақтиярова.

– «Экономика» мамандығының 3-курс студенттері Әйгерім Өмірбекқызы Ширкей, Мөлдір Жеңісқалиқызы Сүлейменова мен Гүлназ Мұратқызы Тлешованың «Пандемия жағдайында шағын бизнестің ұлттық экономикадағы рөлі» тақырыбы бойынша жобасы ҚР БжҒМ-нің 2021 жылғы СҒЗЖ республикалық конкурсының екінші (үшінші) кезеңіне қатысу үшін ұсынылсын. Ғылыми жетекшілері: э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Р.К. Елшібаев, э.ғ.м., аға оқытушы А.Ж. Бақтиярова.

– «Қаржы» мамандығының 4-курс студенттері Ақбота Маратова мен Мейірім Әкімованың «Проектное финансирование как способ поддержки малого и среднего бизнеса в период пандемии» тақырыбы бойынша жобасы («Нархоз университеті» КЕАҚ-ның «Қаржы» мамандығы бойынша СҒЗЖ конкурсында 1-орын)) СҒЗЖ республикалық конкурсының II(III) кезеңіне қатысу үшін ұсынылсын. Ғылыми жетекші: э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Л.Ж. Құдайбергенова.

– «Қаржы» мамандығының 4-курс студенті Назерке Құсайынның «Прогнозирование обязательного медицинского страхования физических лиц

в Казахстане» тақырыбы бойынша жобасы («Нархоз университеті» КЕАҚ-ның «Қаржы» мамандығы бойынша СҒЗЖ конкурсында 2-орын)) СҒЗЖ республикалық конкурсының ІІ(ІІІ) кезеңіне қатысу үшін ұсынылсын. Ғылыми жетекші: э.ғ.к., профессор М.К. Қожахметова.

– «Қаржы» мамандығының студенттері Мадина Қазекен, Гаухар Мәлік пен Кристина Рябованың «Fallacies of the Kazakhstan monetary policy in frames of Covid-19» тақырыбы бойынша жобасы («Нархоз университеті» КЕАҚ-ның «Қаржы» мамандығы бойынша СҒЗЖ конкурсында 3-орын)) СҒЗЖ республикалық конкурсының ІІ(ІІІ) кезеңіне қатысу үшін ұсынылсын. Ғылыми жетекші э.ғ.к., профессор С.С. Масақова.

– 4 курс студенті Татьяна Трифонованың «Международный туризм, как фактор устойчивого развития и сотрудничества между странами» атты тақырып бойынша ғылыми жұмысы «Туризм» бағытындағы студенттік ғылыми жұмыстар конкурсының І кезеңінің қорытындысы бойынша СҒЗЖ республикалық конкурсының ІІ кезеңіне қатысу үшін ұсынылсын. Ғылыми жетекші – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Е.А. Әбенова.

**4.6** Ректордың міндетін атқарушы С.Г. Буянскийге «Жалпы білім беру пәндері» ғылыми-білім беру департаменті «Қазақ және орыс тілдері» секциясының профессор-оқытушылар құрамын 2021 жылғы 12-сәуірден бастап Лингвистикалық орталықтың құрамына келесі лауазымдарға, яғни қауымдастырылған профессорларды аға оқытушы-тренер (2 адам), ал қалған барлық оқытушыларды оқытушы-тренер (5 адам) лауазымдарына ауыстыру туралы ұсыныс жасалсын.

**4.7** Формалды және бейформалды білім беруді оқытудың нәтижелерін мойындау тәртібі туралы Ереженің 5.2-тармағына өзгерістер енгізілсін.

**4.8** strikeplagiarism.com жүйесінің жұмыс істеу ережелерін айқындайтын плагиатты анықтау және оның алдын алу бойынша Регламентке өзгерістер енгізілсін.

**4.9** «Нархоз Университеті» КЕАҚ Халықаралық Кейс-конкурсын ұйымдастыру және өткізу туралы Ереже бекітілсін.

**Ғылыми Кеңестің төрағасы,**
**э.ғ.к., профессор** **С.Г. Буянский**

**Ғылыми Кеңестің ғалым-хатшысы,**
**э.ғ.к., доцент** **Р.А. Сәлімбаева**